

Панфилов аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 435 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 тамыздағы № 444 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы "Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 17 шілде № 3289 болып енгізілген, аудандық "Жаркент өңірі" газетінде 2015 жылдың 13 маусымда № 25 (8763) нөміріне жарияланған) № 435 қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Мағрупова Роза Азаматқызына жүктелсін.

Аудан әкімі

Б.Абдулдаев